

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 249-VI ҚРЗ.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат):

1) 37-1-бап мынадай мазмұндағы 8-7) және 8-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-7) сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендердегі қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үйлестіруді жүзеге асырады;

8-8) сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендердегі қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекітеді";

2) 39-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендердегі қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялауды коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады;"

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 12, 39-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 16, 55-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда"

газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

53-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"басымдығы бар халықаралық авиамаршруттар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;".

3. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 21-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46-құжат; № 16, 56-құжат; № 23, 88, 91-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 28) тармағы "қызметшілері;" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері;" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 460-баптың бірінші абзацындағы "әскери техника заттарын" деген сөздер "әскери техниканы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 464-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"464-бап. Ұшу немесе оған дайындалу қағидаларын бұзу

1. Абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге не аварияға немесе жауынгерлік техниканың істен шығуына немесе әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік даярлығы мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуіне алып келген ұшу немесе оған дайындалу қағидаларын бұзу, сол сияқты әскери ұшу аппараттарын пайдалану қағидаларын бұзу –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Абайсызда адам өліміне алып келген дәл сол іс-әрекеттер –

белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан көп адам өліміне алып келген іс-әрекеттер –

белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

4. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 36, 37-құжаттар; № 12, 39-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 16, 53-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы 441-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"441-бап. Жекелеген қоғамдық орындарда темекі өнімдерін және электрондық сигареттерді тұтынуға тыйым салуды бұзу";

2) 200-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацы "дәмханаларда" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінде, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелерінде, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханаларында" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 441-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"441-бап. Жекелеген қоғамдық орындарда темекі өнімдерін және электрондық сигареттерді тұтынуға тыйым салуды бұзу";

бірінші бөліктегі "Осы Кодекстің 564-бабының бесінші бөлігінде", "бұйымдарын" деген сөздер тиісінше "Осы баптың 1-2-бөлігінде", "өнімдерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-2-бөлікпен толықтырылсын:

"1-2. Әуе кемесінің бортында темекі өнімдерін және (немесе) электрондық сигареттерді тұтыну –

жеке тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

4) 564-баптың бесінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Кодекстің 441-бабының 1-2-бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, әуе кемесіндегі жолаушылар ретіндегі адамдардың әуе кемесі бортындағы ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдай жасауы –";

5) 569-бапта:

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "Уәкілетті органның" деген сөздер "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "уәкілетті органда" деген сөздер "уәкілетті ұйымда" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктің бірінші абзацындағы "уәкілетті органда", "уәкілетті орган" деген сөздер тиісінше "уәкілетті ұйымда", "азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-

құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың мемлекеттік органдардың міндеттемелерін белгілейтін ережелері азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға қолданылады.";

2) 14-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Осы баптың мемлекеттік органдардың міндеттемелерін белгілейтін ережелері азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға қолданылады.".

6. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-І, 22-ІІ, 107-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 101-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі "мемлекеттік орган" деген сөздерден кейін "немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың үшінші абзацы "мемлекеттік орган" деген сөздерден кейін "немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 388-баптың 3-тармағының 4) тармақшасында:

бірінші бөліктегі "уәкілетті органның лауазымды адамының" деген сөздер "уәкілетті ұйым қызметшісінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "уәкілетті органның лауазымды адамы" деген сөздер "уәкілетті ұйымның қызметшісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 550-бапта:

2-тармақтың бірінші абзацы "уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін "және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзац "уәкілетті мемлекеттік органдар" деген сөздерден кейін "және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшадағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 және 5-тармақтар "уәкілетті мемлекеттік органдар" деген сөздерден кейін "және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 553-баптың 4-тармағында:

4.3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4.3.	M2, M3, N1, N2, N3 санатындағы көлік құралдары (ершікті тартқыштарды қоспағанда):
------	---

";

мынадай мазмұндағы 4.4, 4.4.1, 4.4.2, 4.4.3 және 4.4.4-жолдармен толықтырылсын:

"

4.4.	N3 санатындағы көлік құралдары (ершікті тартқыштар):	
4.4.1.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылға дейін	0,25
4.4.2.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылдан 3 жылға дейін	240
4.4.3.	шығарылған жылын қоса алғанда, 3 жылдан 7 жылға дейін	350
4.4.4.	шығарылған жылын қоса алғанда, 7 жыл және одан жоғары	2500

";

5) 554-баптың 7-тармағының бірінші абзацындағы "уәкілетті орган" деген сөздер " уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 92, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 123-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 19-I, 100, 101-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 60-құжат; 2017 ж., № 9, 17, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 13-бапта:

бірінші бөлікте:

алтыншы абзацтағы "12" деген цифрлар "15" деген цифрлармен ауыстырылсын;

сегізінші және тоғызыншы абзацтардағы "2 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 процентін төлей отырып", "2 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 процентін төлей отырып" деген сөздер тиісінше "қалыпты тарифтің 50 пайызын төлей отырып, 2 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билеттер", "қалыпты тарифтің 50 пайызын төлей отырып, 2 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билеттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің үшінші абзацының екінші сөйлеміндегі "тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді" деген сөздер "тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қалалық және қала маңындағы автобус тасымалдарында тегін алып жүретін қол жүгі мен багаждың салмағы 20 килограмнан аспайтын болып белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әуе көлігінде тегін алып жүретін қол жүгі мен багаждың салмағын, габариттерін, нормаларын тасымалдаушы белгілейді.";

2) 25-баптың екінші бөлігінің 18), 19), 20), 21), 22), 23) және 25) тармақшалары алып тасталсын.

8. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 720-құжат; 2004 ж.,

№ 5, 27-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 19-I, 101-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 24, 94-құжат):

1) 1-бапта:

3) тармақшадағы "фискальдық жадылы бақылау-кассалық машинамен жарақтандырылған, сауда залымен жабдықталған стационарлық үй-жайларда және мейрамханалардың, барлар мен дәмханалардың аумақтарында, кейіннен оны тұтыну немесе коммерциялық емес мақсатта пайдалану үшін," деген сөздер "кейіннен тұтыну немесе коммерциялық емес пайдалану үшін фискальдық жады бар бақылау-касса машинасымен жарақтандырылған, сауда залымен жабдықталған стационарлық үй-жайларда және мейрамханалар, барлар мен дәмханалар аумақтарында, сондай-ақ жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінде, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелерінде, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақша мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы Заңда стационарлық үй-жайларға жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелері, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелері, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханалары теңестіріледі;"

2) 9-баптың 4-тармағы 3) тармақшасының бірінші абзацы "дәмханаларда" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінде, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелерінде, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханаларында" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 15-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лицензия әрбір қызмет объектісіне нақты мекенжайы немесе жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесінің, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемесінің, жолаушылар пойызы вагон-мейрамханасының тіркеу нөмірі бойынша беріледі."

9. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2,

10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

64-1-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Түркістан облысының Түркістан қаласында кезең-кезеңімен жобалануы және салынуы көзделетін объектілер мен кешендер бойынша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы осы жобаны әзірлеудің тиісті кезеңдері бойынша сараптамалық қолдау режимінде жүзеге асырылуы мүмкін. Объектілерге сараптамалық қолдауды жүзеге асыру тәртібі қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ қазіргі барларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларында айқындалады."

10. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 246-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 15, 125-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 22 -VI, 159-құжат; 2017 ж., № 14, 49-құжат; 2018 ж., № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) жол бойындағы сервис объектілері – жол бойындағы белдеуде орналасқан және жол жүрісіне қатысушыларға жүру жолында қызмет көрсетуге арналған ғимараттар мен құрылысжайлар (мотельдер, қонақүйлер, кемпингтер, техникалық қызмет көрсету станциялары, автожанармай құю станциялары, тамақтану, сауда, байланыс, медициналық көмек пункттері, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері және өзге де қызметтер көрсету объектілері);";

20) тармақша алып тасталсын;

2) 5-2-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"патрульдік полицияның";

3) 7-баптың 1-тармағының бірінші сөйлеміндегі "автомобиль жолдарының жол сервисі объектілерін салу, күтіп-ұстау және дамыту" деген сөздер "автомобиль жолдарын салу және күтіп-ұстау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-бапта:

3-тармақтағы "жол сервисі", "бойындағы белдеуде ғимараттар мен құрылыстар", "Жол сервисі" деген сөздер тиісінше "жол бойындағы сервис", "жол бойындағы белдеуінде ғимараттар мен құрылысжайлар", "Жол бойындағы сервис" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Жол сервисі", "келісе отырып," деген сөздер тиісінше "Жол бойындағы сервис", "келісу бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 12-баптың 2-тармағының 27) тармақшасындағы "жолдарындағы жол сервисі" деген сөздер "жолдарында жол бойындағы сервис" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 13-баптың 1-1-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6-11) тармақшамен толықтырылсын:

"6-11) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін ұйымдастыру және дамыту";

7) 29-баптың 3-тармағындағы "Жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық және халықаралық маңызы бар", "қозғалысты", "жол сервисі" деген сөздер тиісінше "Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын", "жол жүруді", "жол бойындағы сервис" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 30-бапта:

6-1) тармақшадағы "жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар", "қозғалысты", "жол сервисі" деген сөздер тиісінше "халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын", "жол жүруді", "жол бойындағы сервис" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9-3) республикалық және халықаралық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін дамыту;

11. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 60-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 11, 29-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) авария – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, солардың нәтижесінде адамның денсаулығына ауыр зиян келтірілу және (немесе) жылжымалы құрамның күрделі жөндеу көлемінде зақымдалу жағдайлары;"

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) алушы – багажды, жүк-багажды немесе пошта жөнелтілімдерін алатын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

1-2) апат – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, солардың нәтижесінде адамның қаза болу және (немесе) жылжымалы құрамның мүкаммалдан шығарып тасталатын дәрежеге дейін зақымдалу жағдайлары;"

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) жылжымалы құрам – жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін теміржолдармен тасымалдауға арналған тартқыш көлік құралдары (

локомотивтер), вагондар, өздігінен жүретін және өзге де теміржол көлік құралдары, сондай-ақ арнайы жылжымалы құрам;"

32-1) және 32-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"32-1) қауіпсіздік сертификаты – тасымалдаушының қауіпсіздікті басқару жүйесінің теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкестігін куәландыратын құжат;

32-2) қауіпсіздікті басқару жүйесі – операцияларды жоспарлау, дайындау және орындау, мониторинг, бақылау, талдау процестерін қамтитын және тасымалдау процесінің қауіпсіздігі жөнінде белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге және адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру, тасымалдау процесіне қатысушылар мен үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіру тәуекелдерін азайтуға бағытталған, тасымалдаушыны басқарудың өзара байланысты және өзара іс-қимыл жасаушы құрауыштарының жиынтығы;"

мынадай мазмұндағы 32-3), 43-4) және 43-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"32-3) қауіпсіздікті басқару жүйесінің аудиті – қауіпсіздікті басқару жүйесінің теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін диагностикалаудың және бағалаудың жүйелі процесі;"

"43-4) оқиға – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, бірақ авария мен апат салдары жоқ жағдайлары;

43-5) оқиға – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарда апатқа, аварияға және оқиғаға әкеп соқпаған, тізбесі теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында айқындалған жол жүрісі қауіпсіздігінің бұзылу жағдайлары;"

54) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"54) тасымалдау процесіне қатысушы – тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы, тасымалдаушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тартқыш операторы, вагондар (контейнерлер) операторы, тармақ иеленуші, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдар иесі;"

2) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау

Жылжымалы құрам және жылжымалы құрамның кепілі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) жатады.

Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен жылжымалы құрам Мемлекеттік жылжымалы құрам тізіліміне енгізуге жатады. Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.";

3) 14-баптың 2-тармағында:

19), 24), 27) және 34-15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"19) теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;"

"24) жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімдерін ұзарту қағидаларын бекіту;"

"27) теміржол өткелдерін техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;"

"34-15) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 34-32), 34-33), 34-34), 34-35), 34-36), 34-37), 34-38) және 34-39) тармақшалармен толықтырылсын:

"34-32) қауіпсіздік сертификатын беру;

34-33) жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту;

34-34) теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту;

34-35) қауіпсіздік сертификатының нысанын бекіту;

34-36) кірме жолдар мен жанасу станциялары жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін әзірлеу қағидаларын бекіту;

34-37) тасымалдаушы мен экспедитор арасындағы жүктерді теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру туралы үлгілік шарттарды бекіту;

34-38) жасанды құрылысжайларды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;

34-39) жылжымалы құрамды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;"

4) 30-бапта:

2-1-тармақта:

екінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар туралы егжей-тегжейлі ақпарат оқиға болған кезден бастап бір тәуліктен кешіктірілмей жазбаша нысанда беріледі.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар туралы ақпараттың нысандарын уәкілетті орган бекітеді.";

3-тармақтағы "құрылыстарды", "болуы ықтимал авариялар" деген сөздер тиісінше "құрылысжайларды", "теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігіндегі "құрылыстардың иелері тасымал процесіне қатысушыларды және мемлекеттік көлік бақылау органдарын қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін аварияның немесе авариялық жағдайлардың туындағаны туралы дер кезінде хабардар етуге" деген сөздер "құрылысжайлардың иелері тасымалдау процесіне қатысушыларға және мемлекеттік көлік бақылау органдарына жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін авариялық жағдайлардың туындауы туралы дер кезінде хабар беруге" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 32-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тасымалдаушылар қауіпсіздікті басқару жүйесін теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес әзірлеуге және енгізуге міндетті.

Уәкілетті орган тасымалдаушының қауіпсіздікті басқару жүйесіне аудитті тасымалдаушының өтініші бойынша теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес жүргізеді.

Қауіпсіздік сертификатын беру тәртібі мен мерзімдері теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында айқындалады.";

6) 88-4-бапта:

2) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгіленген жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын, сондай-ақ жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органның лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар және әрекеттер жасау фактілерін тіркеп алу үшін техникалық құралдарды пайдалануға;"

7) мынадай мазмұндағы 10-2-тараумен толықтырылсын:

"10-2-тарау. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру

88-7-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексерудің жалпы ережелері

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларында айқындалған тәртіппен міндетті тергеп-тексеруге жатады. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарға апаттар, авариялар, оқиғалар және оқыс оқиғалар жатады.

2. Тергеп-тексерудің мақсаттары себептерді және (немесе) ілеспе факторларды анықтау, жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықты болашақта болғызбау және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

3. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді уәкілетті орган құратын комиссия жүзеге асырады. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрамына уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылатын тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл, тасымалдау процесіне қатысушылар және мүдделі тұлғалар кіреді.

Оқиғаларды және оқыс оқиғаларды тасымалдау процесіне қатысушылар тергеп-тексереді.

4. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысы тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің төрағалық етуімен жүргізіледі.

5. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысын, сондай-ақ олармен байланысты барлық аспектілерді апаттар, авариялар болған жерде ұйымдастырады және үйлестіреді.

6. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл кәсіптік деңгейін ұстап тұру және біліктілігін арттыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімділікпен оқудан өтеді.

7. Жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның сұрау салулары бойынша жүргізілетін тергеп-тексеруге қатысы бар ақпаратты және (немесе) құжаттаманы беруге міндетті.

8. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді жеке және басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін басқа тергеп-тексеру түрлерінен тәуелсіз жүргізеді.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа кезде, тергеп-тексеру жүргізу кезінде апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның қызметіне жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, басқа да мемлекеттік органдардың араласуына жол берілмейді.

88-8-бап. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құқықтары мен міндеттері

1. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия:

1) тергеп-тексеру жүргізудің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ тергеп-тексеруге қатысы бар дәлелдемелердің жоғалуын немесе өзгертілуін болғызбау үшін басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыруға;

2) апат және авария болған жерге, жылжымалы құрамды пайдаланумен байланысты барлық құжаттамаға, оған қызмет көрсетуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылған персоналға кедергісіз қолжетімділігі болуға, оқиға орындарын, объектілер мен сынықтарды, қосалқы бөлшектерді және апаттың және аварияның туындауына себепші болған немесе ықпал етуі, әсер етуі мүмкін кез келген басқа да объектілерді қарап-тексеруді және одан әрі зерттеп-қарауды жүргізуге;

3) жылжымалы құрамдағы объективті бақылау аспаптарының немесе ақпарат жеткізгіштің кез келген басқа да құрылғысының деректерін, сондай-ақ жол жүрісіне қызмет көрсететін техникалық құралдардың жазбаларын іздеуді, қалпына келтіруді, шығарып алуды, оқуды және алынған деректердің сақталуына толық бақылауды жүзеге

асыруға құқылы. Объективті бақылау немесе ақпарат жеткізгіштің кез келген басқа да құрылғысы жазбаларын шығарып алу және оқу Қазақстан Республикасындағы тиісті құралдарды пайдалана отырып қандай да бір кідіріссіз жүргізілуге тиіс;

4) оқиғаны көргендерден, персоналдан және апатқа және аварияға қатысы бар басқа да адамдардан сұрауға, апаттың және аварияның себептерін және (немесе) ілеспе факторларды анықтау үшін қажетті зерттеулер мен сынақтар жүргізуді тағайындауға;

5) сарапшыларды жұмысқа тартуға, олардың апатты және аварияны тергеп-тексеруге қатысты есептерін сұратуға;

б) жылжымалы құрамның меншік иесімен келісу бойынша апат және авария болған жерге жүру жолындағы жолаушылар вагонында немесе локомотивте болуға құқылы.

2. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті."

12. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 19-I, 100-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 17-құжат; № 11, 29-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) авариялық жағдай – кемеңің апатқа ұшырауына әкеп соққан және оның теңізде жүзу қасиеттерінен ішінара немесе толық айырылуына (жоғалтуына) алып келген, кемеңің басқа кемеңі (кемелерді), навигациялық жабдық құралдарын, жағалау құрылысжайын зақымдауына, кемеңің сүйретіп жүзу объектісін жоғалтуына немесе зақымдауына, адамның қаза болуына немесе денсаулығына зиян келуіне, кемеңден адамның жоғалуына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келуіне алып келген, кемемен болған оқиға;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) авариялық жарна – жалпы авария жағдайында шығыстардың орнын толтыру үшін жалпы авариялық шығыстардағы тасымалдаушының үлесін төлеуді қамтамасыз ету ретінде алушы оған жүкті берген кезде енгізуге міндетті болатын ақша сомасы;"

58-1) тармақшадағы "жөнелтілімдері мен жүктерді теңізде тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін және Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "

жөнелтілімдерін, жүктерді халықаралық қатынаста теңізде тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін және уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қарарларын және ұсынымдарын қолдану

Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қарарларын және ұсынымдарын Қазақстан Республикасының аумағында қолдану Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасында көзделген тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, оларға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы не оларда Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) нақты қарарларын және ұсынымдарын қолдану жөнінде сілтемелер көрсетіле отырып жүзеге асырылады.";

3) 4-баптың 3-тармағында:

2-2) тармақша алып тасталсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру;"

мынадай мазмұндағы 49-1) тармақшамен толықтырылсын:

"49-1) кемелерді өлшеу жөніндегі қағидаларды бекіту;"

55-6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"55-6) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидаларын бекіту;"

55-15) тармақша "халықаралық" деген сөздің алдынан "теңіз порттарын, оның ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 55-39), 55-40), 55-41), 55-42) және 55-43) тармақшалармен толықтырылсын:

"55-39) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кемелерден ластануды болғызбау жөніндегі қағидаларды бекіту;

55-40) басқа мемлекеттердің аумағында кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеруге қатысу;

55-41) теңіз порты мәртебесін беру қағидаларын бекіту;

55-42) теңіз портының міндетті көрсететін қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларын бекіту;

55-43) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында жүзу қағидаларын бекіту;"

;

4) 4-1, 5 және 5-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1-бап. Ұлттық теңіз тасымалдаушысы

1. Ұлттық теңіз тасымалдаушысының мәртебесін уәкілетті орган халықаралық қатынаста тасымалдауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде кемелері

(танкерлер, құрғақ жүк кемелері, паромдар, контейнер тасушылар) бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және шарттарда береді.

2. Ұлттық теңіз тасымалдаушысы:

1) жолаушыларды, багажды, пошта жөнелтілімдерін, жүктерді халықаралық қатынаста, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар, стратегиялық, гуманитарлық және арнайы жүктерді теңіз арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсетеді;

2) Қазақстан Республикасының аумақтық сулары шегінде құтқару операцияларына және кемелерден мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуін жоюға шарттық негізде қатысады;

3) қазақстандық сауда флотын дамыту жөнінде шаралар қолданады;

4) ұлттық теңіз көлігі мамандарын даярлауға қатысады;

5) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарды іске асыруға қатысады.

5-бап. Каботаж

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемелерді қоспағанда, каботажды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелер жүзеге асырады.

Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелер каботажды шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға уәкілетті орган өзі айқындаған тәртіппен берген рұқсат негізінде жүзеге асырады.

5-1-бап. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді пайдалану

Каспий теңізінің қазақстандық секторында осы Заңның 5-бабының ережелерін ескере отырып, қазақстандық кеме иелерінің шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, жер қойнауын пайдалану салдарларын жоюға, сондай-ақ гидротехникалық құрылысжайларды салуға және құтқару операцияларын жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыру үшін шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға берілген рұқсат негізінде пайдалануына жол беріледі.

Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат Каспий теңізінің қазақстандық секторында ұлттық мүдделерді қорғауды, кемелердің жүзу қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету ескеріле отырып беріледі.";

5) 8-4-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Навигациялық орталықтың көрсететін қызметтерін пайдалану Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін тарифтер (бағалар) бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.";

б) 1-1-тарау мынадай мазмұндағы 8-6-баппен толықтырылсын:

"8-6-бап. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру

1. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеруді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары шағын көлемді кемеңің (оның мемлекеттік тіркелген орнына қарамастан) және кеме жүргізушінің Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін анықтау мақсатында жүргізеді. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру шағын көлемді кемеңің кеме жүргізушісінің қатысуымен тұрақта тұрған, сол сияқты жүзіп келе жатқан кезде де жүргізілуі мүмкін.

Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру кеме пайдаланылатын аудан мұздан тазартылғаннан кейін жүргізіледі.

Шағын көлемді кемелерді бақылау мақсатында қарап-тексеру кемеңің пайдалану кезеңінде екі айда бір реттен жиілетпей немесе көлік оқиғасы болған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда жүргізіледі.

2. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру кезінде:

1) кеме билеті;

2) өздігінен жүзетін шағын көлемді кемеңің басқару құқығына куәлік;

3) техникалық куәландырудан өткендігі;

4) шағын көлемді кемеде жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтеру нормаларының, жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулердің, жолаушылар мен жүктердің дұрыс орналастырылуының сақталуы;

5) құтқару, өртке қарсы және су төгу құралдарының болуы;

6) борттарда тіркеу нөмірінің болуы;

7) орналасқан орнына қарамастан, кеме корпусын тесіп өткен ойықтардың болмауы, кемеңің гермобөліктерінің және (немесе) әуе жәшіктерінің болмауы немесе тұмшалануының бұзылуы;

8) руль құрылғысының конструкцияда көзделген бекіту бөлшектерінің болуы немесе оның құрамдас бөліктерінің зақымдалуы, оның жұмыс істеу сенімділігінің қамтамасыз етілмеуі;

9) отын ағуының, дірілдің, қозғалтқышты қашықтықтан басқару жүйесінің зақымдалуының болмауы, бәсеңдеткіштің болуы және жарамдылығы, реверс-редуктордың сенімді қосылуының (ажыратылуының) қамтамасыз етілуі, реверс қосылып тұрған кезде қозғалтқыштың (мотордың) іске қосылуын бұғаттауыштың жарамдылығы;

10) кемеңің жиынтықтамасы мен жабдығының кеме типіне сәйкестігі;

11) айырым оттарының болуы, жарамдылығы және сәйкестігі;

12) кемеңің белгіленген сыныбына сәйкес келетін бассейндерде (аудандарда) кемеңің пайдаланылуы;

13) руль, сигнал, зәкір және арқандап байлау құрылғысының болуы және жарамдылығы;

14) орнатылған қозғалтқыштың ең жоғары қуатының сәйкестігі тексеруге жатады.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін (кеме жүргізушіні), қарап-тексеру күнін көрсете отырып, шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісін жасайды. Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып нұсқама шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және шағын көлемді кемені пайдалану қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің (құрамның) жүзуіне тыйым салады, бұл туралы кеме жүргізуші кеме иесіне хабар береді.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісі және нұсқама уәкілетті орган бекітетін нысандар бойынша екі данада жасалады және оларға уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы және кеме жүргізуші қол қояды. Кеме жүргізуші шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісіне немесе нұсқамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, мәлімделген бас тарту уәждері көрсетіле отырып жазба жасалады.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісінің және нұсқаманың бірінші данасы – кеме иесінде, екіншісі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде сақталады.";

7) 28-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Кеме иесі шет мемлекеттің портында кемесінің ұсталғандығы туралы өзіне мәлім болған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде бұл туралы порттың теңіз әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне жазбаша хабарлауға міндетті.

Хабарда:

1) кемені сәйкестендіретін деректер (кеменің атауы, порт немесе оның тіркелген орны, кеменің тіркеу нөмірі, типі және сыныбы, тоннажы);

2) кеменің меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе атауы;

3) жүктің түрі мен мөлшері;

4) ұсталған уақыты, күні мен мән-жайы;

5) ұстау себебі, сондай-ақ кемені ұстауға байланысты өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.";

8) 31-баптың 1-тармағының 16) тармақшасындағы "беруге міндетті." деген сөздер " ұсынуға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"17) порттың теңіз әкімшілігіне Қазақстан Республикасының аумақтық суларында анықталған ластанулар туралы хабарлауға;

18) порттың теңіз әкімшілігіне Қазақстан Республикасының аумақтық суларының ластануына алып келген немесе осындай ластану қатерін туғызған, өз кемесімен болған оқыс оқиға туралы хабарлауға міндетті.

Оқыс оқиға:

мұнайдың, зиянды заттардың және құрамында осылар бар сулардың кез келген себеппен және кез келген түрде және қаптамада кемеден ағуына немесе ықтимал ағуына;

соқтығысуды, қайраңға отырып қалуды, өртті, жарылысты, конструкцияның бұзылуын, жүктің суға батуын және жылжуын қоса алғанда, кемеңің қауіпсіздігіне әсерін тигізетін, сондай-ақ руль тетігінің, күш қондырғысының, электрмен қамтамасыз ету жүйесінің зақымдалуын немесе бұзылуын қоса алғанда, теңізде жүзу қауіпсіздігінің нашарлауына және жүзуді қамтамасыз ету үшін басқа кемеңің қосымша көмегінің қажеттігіне алып келетін, ұзындығы 15 метр немесе одан ұзын кемеңің зақымдалуына, сынып қалуына немесе аварияға ұшырауына алып келетін кез келген жағдайда хабар беріледі.";

9) 33-баптың екінші бөлігі "Теңіз портының иесі" деген сөздерден кейін "(теңіз терминалының операторы)" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 35-бап мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Осы портқа тіркелген кемелер кемеңің теңізде автономды жұмыс істеу мерзімінен көп болуына байланысты жүктен тыс операцияларды (қорларды толықтыру, бункерлеу, қалдықтарды тапсыру немесе өзге де мәжбүрлі қажеттілік) жүзеге асыру үшін портқа кірген кезде теңіз портының иесі (теңіз терминалының операторы), мемлекет реттеп көрсететін қызметтерді қоспағанда, теңіз портының міндетті көрсететін қызметтеріне өзі айқындаған шарттарда және тәртіппен жеңілдіктер ұсынады.

3-2. Теңіз портының иесі және навигациялық орталық кемелерге (субстандартты не шығарылғанына жиырма жылдан асқан), оның ішінде осы теңіз портының акваториясына кіретін шетелдік кемелерге қатысты теңіз портының міндетті көрсететін қызметтеріне арналған тарифтерге тәуекел коэффициенттерін қолдануға құқылы.

Тәуекел коэффициенттерінің мөлшерін теңіз портының иесі немесе тиісті саланың уәкілетті органы (навигациялық қызметтер көрсетуге қатысты) теңіз портының міндетті көрсететін қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларында айқындалған тәртіппен белгілейді.";

"5. Тіркеу портының акваториясында жүзу кезінде Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген және халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын кемелер (бортында қауіпті жүктері бар кемелерді және шығарылғанына жиырма жылдан асқан кемелерді қоспағанда) үшін, олардың маневр операцияларын дербес жүргізуге мүмкіндік беретін рульді бұру құрылғысы және кеме капитанының осы порт акваториясында жүзу тәжірибесі кемінде он екі ай болған кезде сүйретіп жүзу

қызметтерін пайдалану міндетті болмайды және ол осы порттың (теңіз терминалы операторымен) әкімшілігімен келісу бойынша жүзеге асырылады.";

11) 7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Теңіз портындағы және теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау мен қадағалау";

12) 40-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Теңіз порты капитанының лауазымына кеме жүргізу мамандығы бойынша жоғары білімі (кеме жүргізуші дипломы) және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.";

13) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелерді бақылау мен қадағалау

1. Теңізге шығатын кемелерге бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы:

1) кеме құжаттарының, дипломдардың, біліктілік куәліктерінің және дипломдар мен біліктілік куәліктеріне растаулардың болуын және олардың қолданылу мерзімдерін;

2) кеме менің негізгі сипаттамаларының кеме құжаттарына сәйкес келуін;

3) кеме экипажын жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуын тексереді.

2. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме алты айда бір реттен жиілетпей міндетті түрде қарап-тексеруге жатады.

Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген құжаттар болмаған немесе кеме Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандырмайды деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кеме мені қарап-тексереді.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме:

1) Қазақстан Республикасының теңіз портына бірінші рет кірген;

2) порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кеме мені соңғы қарап-тексерген күннен бастап алты және одан көп ай өткен;

3) кеме соқтығысуға қатысушы болып, теңіз портына жүзу жолында жерге тиюі немесе қайраңға отырып қалуы орын алған;

4) кеме мені Қазақстан Республикасының аумақтық суларын болжамды ластауы туралы ақпарат болған;

5) кеме ретсіз немесе қауіпсіз емес тәсілмен маневр жасаған не жүзу қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер, сондай-ақ теңіз ортасына залал келтіру қатерін туғызатын өзге де тәсілмен басқарылған;

6) кеме мені конструкциясы мен жабдығы жөніндегі міндетті куәліктерді, сондай-ақ сыныптау куәліктерін Қазақстан Республикасы танымаған ұйым берген;

7) кеменің сыныбы алдындағы алты ай барысында қауіпсіздік тұрғысынан тоқтатыла тұрған немесе алып қойылған;

8) Кеме қатынасының тіркелімінен немесе шетелдік сыныптау қоғамынан кеменің теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандырмайтыны туралы жазбаша ақпарат болған;

9) кеменің алдыңғы кіру портында ұсталғандығы туралы ақпарат болған;

10) уәкілетті органнан кеменің адам өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, қоршаған ортаға зиян келтіру ықтималдығы туралы ақпарат болған жағдайларда, міндетті түрде қарап-тексеруге жатады.

Кемені қарап-тексеру нәтижелері бойынша кемені қарап-тексеру актісі жасалады.

Кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруден бас тарту үшін негіз болып табылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама ресімдейді. Нұсқама екі данада жасалады, оның біреуі кеме капитанына немесе оны алмастыратын адамға беріледі.

4. Кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі болатын анықталған бұзушылықтардың жойылғанын тексеру мақсатында порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемені бақылау мақсатында қарап-тексеруді жүргізеді.

Кемені бақылау мақсатында қарап-тексеру нәтижелері бойынша кемені қарап-тексеру актісі жасалады.";

14) мынадай мазмұндағы 41-1-баппен толықтырылсын:

"41-1-бап. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді теңіз портында бақылау мен қадағалау

1. Теңізге шығатын кемелерге бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы:

1) кеме құжаттарының, дипломдардың, біліктілік куәліктерінің және дипломдар мен біліктілік куәліктеріне растаулардың болуын және олардың қолданылу мерзімдерін;

2) кеменің негізгі сипаттамаларының кеме құжаттарына сәйкес келуін;

3) кеме экипажын жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуын тексереді.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген құжаттар болмаған немесе кеме Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандырмайды деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемені қарап-тексереді.

3. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кеме:

1) Қазақстан Республикасының теңіз портына бірінші рет кірген;

2) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы оны соңғы қарап-тексерген күннен бастап алты және одан көп ай немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында белгіленген өзге кезең өткен;

3) кеме соқтығысуға қатысушы болып, портқа жүзу жолында жерге тиюі немесе қайраңға отырып қалуы орын алған;

4) кеменің Қазақстан Республикасының аумақтық суларын болжамды ластауы туралы ақпарат болған;

5) кеменің сыныбы алдындағы алты ай барысында қауіпсіздік тұрғысынан тоқтатыла тұрған немесе алып қойылған;

6) кеме ретсіз немесе қауіпсіз емес тәсілмен маневр жасаған не жүзу қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер, сондай-ақ теңіз ортасына залал келтіру қатерін туғызатын өзге де тәсілмен басқарылған;

7) кеменің конструкциясы мен жабдығы жөніндегі міндетті куәліктерді, сондай-ақ сыныптау куәліктерін уәкілетті орган танымаған ұйым берген;

8) порттың теңіз әкімшілігінің немесе шет мемлекеттердің теңіз биліктерінің теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын сақтау, теңізде адам өмірін сақтау және теңіз ортасын ластанудан қорғау жөніндегі нұсқамасы орындалмаған жағдайларда, міндетті түрде қарап-тексеруге жатады.

4. Кемені қарап-тексеру нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктер көрсетіле отырып, кемені қарап-тексеру актісі жасалады, ол екі данада жасалып, оның біреуі кеме капитанына немесе оны алмастыратын адамға беріледі.

5. Кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі болатын анықталған кемшіліктердің жойылғанын тексеру мақсатында порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемені бақылау мақсатында қарап-тексеруді жүргізуі мүмкін.

Кемені бақылау мақсатында қарап-тексеру нәтижелері бойынша кемені қарап-тексеру актісі жасалады.

6. Анықталған кемшіліктерді теңіз портында жою мүмкін болмаған жағдайда, порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемеге, егер кеменің теңіз портына қауіпсіз жетуі үшін қажетті жағдайлар айқындалатын болса, басқа теңіз портына өтуге рұқсат береді. Бұл ретте порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы келесі кіру теңіз портының және ту мемлекетінің құзыретті органы бұл туралы хабардар етілгеніне көз жеткізуге тиіс.";

15) 42-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әрбір кеме теңіз портынан шыққанға дейін порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамының осыған рұқсатын алуға міндетті.";

2-тармақтың бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кеменің теңіз портынан шығуына мына жағдайларда:

1) кеме техникалық регламенттерде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмегенде;"

16) мынадай мазмұндағы 7-1-тараумен толықтырылсын:

"7-1-тарау. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру

44-1-бап. Авариялық жағдайларды тергеп-тексерудің жалпы ережелері

1. Халықаралық суларда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумақтық суларында шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелермен болған авариялық жағдайлар кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларында айқындалған тәртіппен міндетті тергеп-тексеруге жатады.

2. Тергеп-тексерудің мақсаттары себептерді және (немесе) ілеспе факторларды анықтау, авариялық жағдайды болашақта болғызбау және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

3. Осы баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, авариялық жағдайларды тергеп-тексеруді уәкілетті орган құратын комиссия жүзеге асырады.

Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрамына уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылатын тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл, кеме иелері және мүдделі тұлғалар кіреді.

4. Тізбесі Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларында белгіленген авариялық жағдайлардың жекелеген түрлерін кеме иелері тергеп-тексереді. Тергеп-тексеру аяқталған соң кеме иесі материалдарды уәкілетті органға және порттың теңіз әкімшілігіне ұсынады.

5. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысы тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің төрағалық етуімен жүргізіледі.

6. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысын, сондай-ақ олармен байланысты барлық аспектілерді авариялық жағдай болған жерде ұйымдастырады және үйлестіреді.

7. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл кәсіптік деңгейін ұстап тұру және біліктілігін арттыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімді оқудан өтеді.

8. Жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның сұрау салулары бойынша жүргізілетін тергеп-тексеруге қатысы бар ақпаратты және (немесе) құжаттаманы ұсынуға міндетті.

9. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия авариялық жағдайларды тергеп-тексеруді жеке және басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін басқа тергеп-тексеру түрлеріне қарамастан жүргізеді.

10. Тергеп-тексеруді жүргізу кезінде, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, басқа да мемлекеттік органдардың авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның қызметіне араласуына жол берілмейді.

44-2-бап. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құқықтары мен міндеттері

1. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия:

1) тергеп-тексеру жүргізудің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ тергеп-тексеруге жататын дәлелдемелердің жоғалуын немесе өзгертілуін болғызбау үшін басқа да мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыруға;

2) авариялық жағдай болған жерге және кемеңі пайдаланумен байланысты барлық құжаттамаға, оған қызмет көрсетуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылған персоналға кедергісіз қолжетімділігі болуға, оқиға орнын, объектілер мен сынықтарды, қосалқы бөлшектерді және авариялық жағдайға себеп болған немесе туындауына ықпал етуі, әсер етуі мүмкін кез келген басқа да объектілерді қарап-тексеруді және одан әрі зерттеп-қарауды жүргізуге;

3) кемедегі объективті бақылау аспаптары немесе ақпарат жеткізгіш кез келген басқа да құрылғы деректерін, сондай-ақ жол жүрісіне қызмет көрсететін техникалық құралдар жазбаларын іздеуді, қалпына келтіруді, шығарып алуды, оқуды және алынған деректердің сақталуына толық бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Объективті бақылау немесе ақпарат жеткізгіштің кез келген басқа да құрылғысы жазбаларын шығарып алу және оқу Қазақстан Республикасындағы тиісті құралдарды пайдалана отырып қандай да бір кідіріссіз жүргізілуге тиіс;

4) оқиғаны көргендерден, персоналдан және авариялық жағдайға қатысы бар басқа да адамдардан сұрауға, авариялық жағдайдың себептерін және (немесе) ілеспе факторларды анықтау үшін қажетті зерттеулер мен сынақтар жүргізуді тағайындауға;

5) сарапшыларды жұмысқа тартуға, олардың авариялық жағдайды тергеп-тексеруге қатысты есептерін сұратуға;

6) кеме капитанымен және (немесе) кеме иесімен келісу бойынша авариялық жағдай оқиғасы болған жерге жүзу жолында кемеде болуға құқылы.

2. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.";

17) 72-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тасымалдау кезінде жүктің толық сақталуын қамтамасыз ету үшін ыдысқа салуды және буып-түюді қажет ететін жүктер, оның ішінде Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес буып-түйілген қауіпті жүктер тасымалдау үшін жарамды ыдысқа салынып және буып-түйіліп берілуге тиіс. Ыдыс және қаптама техникалық регламенттерде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген міндетті қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс."

18) 187-бап:

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Каспий теңізінің қазақстандық секторында құтқару операцияларын уәкілетті орган, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, Қорғаныс министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті бірлесіп бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторында құтқару операцияларын жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізеді.

4. Кемелерден апат сигналдарын қабылдауды және оларды құтқару операцияларын жүргізуге жауапты мүдделі мемлекеттік органдардың қызметтеріне беруді (қайталауды) өз қызметін навигациялық орталық базасында жүзеге асыратын теңізде құтқару-үйлестіру орталығы қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Осы баптың мақсаттары үшін Каспий теңізінің қазақстандық секторында апатқа ұшырау жағдайындағы немесе ұшыраған кемелердің жолаушылары мен экипаж мүшелерін іздеу және құтқару үшін қолданылатын жұмыстар құтқару операциясы болып табылады."

13. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 100, 101-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 23, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат):

1) 1-бапта:

8) және 9-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) автомобильмен тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – жеңіл автокөлік құралдарын қоспағанда, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарын иеленетін, жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;"

"9-1) ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі – клиенттердің тапсырыстарын өңдеуге және оларды таксимен тасымалдаушының орындауына, оның ішінде аппараттық-бағдарламалық кешенді және (немесе) таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасын қолдана отырып беруге арналған, Қазақстан Республикасының дара кәсіпкері немесе заңды тұлғасы болып табылатын тасымалдаушы немесе өзге де тұлға құратын қызмет;"

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) бөлінбейтін жүк – тасымалдау кезінде мақсатын өзгертпей, шамадан тыс шығындарсыз немесе оның бүліну тәуекелінсіз екі немесе одан көп бөлікке бөлуге болмайтын ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүк;"

23-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 23-3) және 23-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"23-3) сертификаттау орталығы – 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Европа Келісімі (ЕСТР) ережелеріне сәйкес электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды цифрлық сертификаттауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

23-4) спутниктік навигация аппаратурасы – көлік құралына жаһандық навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары арқылы оның ағымдағы орналасқан жерін, жүру бағыты мен жылдамдығын айқындау, қосымша борт жабдығымен деректер алмасу үшін, сондай-ақ жылжымалы радиотелефон байланысы желілері арқылы ақпарат алмасу үшін орнатылатын аппараттық-бағдарламалық құрылғы;"

25-1), 25-2) және 25-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"25-1) таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасы – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және ұялы байланыс қызметтері немесе Интернет арқылы таксиге тапсырыс беруге және көлік құралын экипажымен қоса жалға алуға қолжетімділік беретін бағдарламалық өнім;

25-2) таксимен тасымалдаушы – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

25-3) таксометр – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау құнын (бағасын) есептеуге арналған құрылғы;"

мынадай мазмұндағы 25-4) тармақшамен толықтырылсын:

"25-4) тахограф – жүргізушілердің еңбек пен демалыс режимін тіркейтін механикалық не электрондық (цифрлық) бақылау құрылғысы;"

2) 7-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шағын автобустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бір жасқа толған, "D1" кіші санатындағы көлік құралдарын басқару құқығы және кемінде үш жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл "C" санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жүргізушінің орнынан басқа, он алтыдан көп отыратын орындары бар автобустармен және троллейбустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бес жасқа толған, кемінде бес жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде үш жыл "D1" кіші санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.";

3) 8-бапта:

3-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Жолаушылар мен багажды республикаішілік тасымалдау әкімшілік-аумақтық белгісіне қарай:

1) қалалық (ауылдық) – елді мекеннің белгіленген шекаралары шегіндегі тасымалдау;

2) қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекараларынан өлшенетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңындағы аймақпен елді мекенді жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау;

3) ауданішілік – бір аудан шегіндегі елді мекендер арасындағы тасымалдау;

4) ауданаралық (облысішілік қалааралық) – әртүрлі аудандардағы елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе елді мекендерді облыстық маңызы бар қалалармен жалғастыратын, бір облыс шегіндегі тасымалдау;

5) облысаралық қалааралық – әртүрлі облыстардағы елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе елді мекендерді республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен жалғастыратын тасымалдау болып бөлінеді.

5. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау ұйымдастыру сипатына қарай тұрақты, тұрақты емес және таксимен тасымалдау болып бөлінеді.";

4) 11-бап мынадай мазмұндағы 4, 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының салмақ және габарит өлшемдерін асыра отырып, автокөлік құралының жүріп өтуі;

2) ірі габаритті, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді қоса алғанда, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде болуға тиіс, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттардың және (немесе) хабарламалардың болмауы;

3) алып тасталды – ҚР – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) ірі габаритті, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді қоса алғанда, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жол жүру маршрутын және (немесе) кестесін сақтамау;

5) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында берілген хабарламаны орындамау;

6) осы Заңның 44-бабында белгіленген талаптарды тексеру;

7) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы арқылы жүріп өту тәртібін сақтамау;

8) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүктерді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы

автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеудің болмауы уәкілетті органның лауазымды адамдарының талабы бойынша автокөлік құралын тоқтату үшін негіздер болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген автокөлік құралын тоқтату үшін негіздерді интеллектуалды көлік жүйесі айқындайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің б) тармақшасында көзделген автокөлік құралын тоқтатуға негіз Қазақстан Республикасының аумағында күнтізбелік бес күннен астам болған шетелдік автокөлік құралдарына қолданылады.

5. Уәкілетті органның лауазымды адамына осы баптың 4-тармағында көзделмеген негіздер бойынша автокөлік құралын тоқтатуға тыйым салынады.

6. Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдары арқылы жүріп өту тәртібі Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидаларында айқындалады.";

5) 15-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "сұратуға құқығы бар." деген сөздер "сұратуға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органның лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар және әрекеттер жасау фактілерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалануға құқығы бар.";

б) 16-бап мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау лицензияға берілген лицензияға қосымшада көрсетілген автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жолаушылар тасымалы жүзеге асырылатын автобустардың, шағын автобустардың жылжымалы құрамының бірлігі өзгерген жағдайда, лицензияға қосымша қайта ресімдеуге жатады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 3 – 8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.";

7) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттау

Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттауды сертификаттау орталығы Қазақстан Республикасы халықаралық шартының ережелеріне сәйкес Еуропалық комиссияның бас сертификаттау орталығының цифрлық сертификатын қолдана отырып жүзеге асырады.";

8) 19-баптың 2-1-тармағындағы "республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының" деген сөздер "жергілікті атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 19-7-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарында осы баптың бірінші бөлігінің 2) (лицензияның болуын бақылау бөлігінде), 4), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген бақылау функцияларын жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган да жүзеге асырады.";

10) 19-10-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Отандық автокөлік құралдары рұқсат беру құжаттары бланкілерімен алмасу жүргізілген шет мемлекеттерге шыққан жағдайда, тасымалдаушы ұсынылған өтінімдер негізінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін тиісті шетелдік рұқсат беру құжаттарын ала алады.";

3-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

11) 19-11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган белгілеген, Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін өлшемдерінен габариттері және (немесе) массасы және (немесе) осьтік жүктемелері бойынша асып түсетін, жүксіз немесе бөлінбейтін жүгі не мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүгі бар отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен рұқсат беру құжатының – ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арналған арнайы рұқсаттың (бұдан әрі – арнайы рұқсат) негізінде жүзеге асырылады.";

12) 22-баптың 2-тармағының 5-1) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) автокөлік құралдарын тасымалдауды ұйымдастырушыға нақты уақыт режимінде ақпарат беретін спутниктік навигация аппаратурасымен жабдықтауға;

6) жол жүру құжаттарын (билеттерді) және багаж түбіртектерін маршруттың аялдама пункттерінде өздері не автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері арқылы сатуды, оның ішінде оларды Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғылары арқылы сатуды қоса алғанда, электронды сатуды қамтамасыз етуге;"

13) 26-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) жолаушының такси көрсететін қызмет құны (бағасы) туралы хабардар болуын қамтамасыз етуге;"

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) ақпараттық-диспетчерлік қызметінің болуына немесе ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөнінде шарт жасасуға;

2-2) автокөлік құралын таксометрмен жабдықтауға;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Таксимен тасымалдаушы болып табылмайтын өзге де тұлға құратын ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген, оның ішінде таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасы арқылы жасалған автокөлік құралын экипажымен қоса жалға алу шарты бойынша таксимен тасымалдауды жүзеге асыратын таксимен тасымалдаушылармен ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөнінде шарт жасасады және таксимен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде таксимен тасымалдаушы осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 5) және 8) тармақшаларының талаптарын орындаған жағдайда, өз қызметтерін көрсетеді.

Таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар туралы мәліметтер рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде орналастырылады.";

5-тармақтағы "Облыстардың" деген сөз "Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 37-баптың 6-тармағындағы "уәкілетті органға" деген сөздер "жергілікті атқарушы органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 38-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктерді тасымалдау жағдайларын қоспағанда, уәкілетті орган белгілеген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін өлшемдерінен габариттері және (немесе) массасы және (немесе) осьтік жүктемелері бойынша асып түсетін жүгі бар отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуіне жол берілмейді.";

16) 38-1-бап алып тасталсын;

17) 4-тарау мынадай мазмұндағы 41-1-баппен толықтырылсын:

"41-1-бап. Жүктерді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеу

Тасымалдаушының уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүктерді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеуге құқығы бар.";

18) 43-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, Қазақстан Республикасы облысының шет мемлекетке шығу немесе шет мемлекеттен кіру жүзеге асырылатын елді мекендері арасында отандық тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды тасымалдауын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушылар тасымалдауға тыйым салынады.";

19) 45-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Шет мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағында межелі пунктпен халықаралық жүк тасымалын жүзеге асырған кезде сәйкестендіру құралдары пайдаланыла отырып өткізіледі.

Сәйкестендіру құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

14. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 17-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 1-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) кеме – шағын көлемді кеме болып табылмайтын ішкі суларда жүзетін кеме, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін жүзбелі құрылғы, оның ішінде "өзен-теңізде" жүзетін кеме, паром, техникалық флот кемесі (су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және осы сияқты басқа да техникалық құрылғылар);";

2) 9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 26-31) және 26-32) тармақшалармен толықтырылсын:

"26-31) мемлекеттік техникалық флот кемелерінің жанар-жағармай материалдарын жұмсау (заттай мәндегі) нормаларын бекіту;

26-32) суға батқан мүлікті көтеру құнын айқындау әдістемесін бекіту;"

3) 15-бап мынадай мазмұндағы 4-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Уәкілетті орган кәсіпорындарының кемелерін қоспағанда, тиесілілігіне және қай ұлтқа жататындығына қарамастан, кемелердің навигациялық жағдай құралдарымен жабдықталмаған (навигация ашылғанға дейін және жабылғаннан кейін) кеме қатынасы су жолдарымен жүзуіне тыйым салынады.

Кемелердің навигациялық кезеңнің аяқталуына байланысты навигациялық жағдай құралдары алып тасталған ішкі су жолдарының жекелеген учаскелері бойымен тұру орнына дейін бір жолғы жүзіп өтуіне аумақтық бөлімшемен және уәкілетті органның кәсіпорнымен келісу бойынша жол беріледі.";

"5-2. Кеме қатынасы шлюздерінде шұғыл авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу және шлюздерде төтенше жағдайдың алдын алу үшін қажетті материалдар мен жабдықтардың азаймайтын қорларының болуы міндетті.

Материалдар мен жабдықтардың азаймайтын қорларының тізбесін, әрбір кеме қатынасы шлюзі үшін оларды пайдалану және сақтау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

4) 17-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) қайта жабдықтау салдарынан кемелердің техникалық деректері өзгерген жағдайда шағын көлемді кемелерді қайта тіркеуді жүргізу;"

5) 17-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"17-1-бап. Аумақтық бөлімшелердің кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап-тексеруді жүргізуі"

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап-тексеру кемелердің (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) (оның мемлекеттік тіркелген орнына қарамастан), экипаждың кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қауіпсіз пайдалануды регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін анықтау мақсатында жүргізіледі. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап-тексеру капитанның немесе бірінші штурманның (капитанның аға көмекшісінің) және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушісінің қатысуымен тұрақта тұрған, сол сияқты жүзіп келе жатқан кезде де жүргізілуі мүмкін.

Ішкі суларда жүзетін кемелерді және шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру – навигацияаралық кезеңнен кейін, ал "өзен-теңізде" жүзетін кемелерді теңізде пайдаланғаннан кейін олар ішкі су жолдарына кірген кезде жүргізіледі.

Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) бақылау мақсатында қарап-тексеру навигация кезеңінде екі айда бір реттен жиілетпей немесе көлік оқиғасы болған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру кезінде:

- 1) кеме билеті;
- 2) өздігінен жүзетін шағын көлемді кемемені басқару құқығына куәлік;
- 3) техникалық куәландырудан өткендігі;
- 4) шағын көлемді кемеде жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтеру нормаларын, жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулердің, жолаушылар мен жүктердің дұрыс орналастырылуының сақталуы;
- 5) құтқару, өртке қарсы және су төгу құралдарының болуы;
- 6) борттарда тіркеу нөмірінің болуы;
- 7) орналасқан орнына қарамастан кеме корпусын тесіп өткен ойықтардың болмауы, кемеменің гермобөліктерінің және (немесе) әуе жәшіктерінің болмауы немесе тұмшалануының бұзылуы;
- 8) руль құрылғысының конструкцияда көзделген бекіту бөлшектерінің болуы немесе оның құрамдас бөліктерінің зақымдалуы, оның жұмыс істеу сенімділігінің қамтамасыз етілмеуі;
- 9) отын ағуының, дірілдің болмауы, бәсеңдеткіштің болуы және жарамдылығы, қозғалтқышты қашықтықтан басқару жүйесінің зақымдалуы, реверс-редуктордың сенімді қосылуының (ажыратылуының) қамтамасыз етілмеуі, реверс қосылып тұрған кезде қозғалтқыштың (мотордың) іске қосылуын бұғаттауыштың жарамсыздығы;
- 10) кемеменің жиынтықтамасы мен жабдығының кеме типіне сәйкестігі;
- 11) айырым оттарының болуы, жарамдылығы немесе сәйкестігі;
- 12) кемеменің белгіленген сыныбына сәйкес келетін бассейндерде (аудандарда) кемеменің пайдаланылуы;
- 13) руль, сигнал, зәкір және арқандап байлау құрылғысының болуы және жарамдылығы;
- 14) орнатылған қозғалтқыштың ең жоғары қуатының сәйкестігі тексеруге жатады.

5. Шағын көлемді кемемені қарап-тексеру нәтижелері бойынша аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы шағын көлемді кемеменің атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін (кеме жүргізушіні), қарап-тексеру күнін көрсете отырып, шағын көлемді кемемені қарап-тексеру актісін жасайды. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қауіпсіз пайдалануды регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып нұсқама шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және шағын көлемді кемемені пайдалану қауіпсіздігіне қатер төнетін жағдайларда аумақтық бөлімшенің лауазымды

адамы шағын көлемді кеменің (құрамның) жүзуіне тыйым салады, бұл туралы кеме жүргізуші кеме иесіне хабар береді.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісі және нұсқама уәкілетті орган бекітетін нысандар бойынша екі данада жасалады және оларға аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы және кеме жүргізуші қол қояды. Кеме жүргізуші шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісіне немесе нұсқамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, мәлімделген бас тарту уәждері көрсетіле отырып жазба жасалады.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісінің және нұсқаманың бірінші данасы – кеме иесінде, екіншісі аумақтық бөлімшеде сақталады.";

6) 23-баптың 1-1-тармағының бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Ішкі су жолдарында және өзге де су айдындарында пайдаланылатын мемлекеттік тіркеуге жататын шағын көлемді кемеде мынадай құжаттар:

1) кеме билеті;"

7) 29-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "сәйкестігін жоғалтқан кеме шығарылуға тиіс." деген сөздер "сәйкес келмей қалған;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) кеме иесінің ауысуына байланысты кеме шығарылуға тиіс."

15. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-II, 131-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 14, 54-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; 2019 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету,

сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 70-35) және 70-36) тармақшалармен толықтырылсын:

"70-35) жылу энергиясын өндіру саласындағы ұйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үйлестіруді жүзеге асырады;

70-36) жылу энергиясын өндіру саласындағы ұйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекітеді;"

2) 5-1-бап мынадай мазмұндағы 5-4) және 5-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-4) электр энергиясын беру және онымен жабдықтау, жылу энергиясын беру және онымен жабдықтау саласындағы ұйымдардың қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үйлестіруді жүзеге асырады;

5-5) электр энергиясын беру және онымен жабдықтау, жылу энергиясын беру және онымен жабдықтау саласындағы ұйымдардың қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекітеді;"

3) 5-2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары электр энергиясын беру және онымен жабдықтау, жылу энергиясын өндіру, беру және онымен жабдықтау саласындағы ұйымдардың қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялауды уәкілетті мемлекеттік органдар айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады."

16. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-

құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 1-бапта:

16-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;"

мынадай мазмұндағы 16-2) және 16-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бірінші басшы мен оның орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелер басшыларының және авиация инспекторларының лауазымдарын атқаратын қызметкерлері;

16-3) азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйымдар – азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын және әуе көлігінің қауіпсіздігін, тұрақтылығын, тиімділігін қамтамасыз етуге және оның басқа да мәселелерін реттеуге бағытталған авиациялық қағидаларды қабылдайтын халықаралық ұйымдар;"

20), 21), 22) және 31) тармақшалардағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

55-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"55-1) инспекторлық нұсқама – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиация инспекторы бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жеке немесе заңды тұлғаларға анықталған бұзушылықтарды жою үшін берген жеке сипаттағы акт;"

65-1) тармақшадағы "уәкілетті органның мемлекеттік авиациялық инспекторларына" деген сөздер "уәкілетті ұйымның авиация инспекторларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тарау мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамыту

1. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамыту:

1) стратегиялық және ұзақ мерзімді міндеттердің операциялық және қысқа мерзімді міндеттерден басым болу қағидатына;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласында адами капиталды есепке алу, зерттеу, дамыту және сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы жүйелі тәуекелдерді анықтау, талдау және барынша азайту жөнінде шаралар қолдану процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге негізделеді.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамыту жөніндегі шараларды әзірлеуді және іске асыруды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қамтамасыз етеді.";

3) 10-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

2. Азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қатысуымен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Мемлекеттік авиация қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.";

4-тармақта:

бірінші абзацтағы және 3) тармақшадағы "авиацияның қызметін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган", "нысанында жүзеге асырады" деген сөздер тиісінше "авиация қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалау", "нысандарында жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым тексерулер және бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын техникалық бақылау мен қадағалауды (бұдан әрі – бақылау мен қадағалау) жүзеге асырады.";

5-тармақтағы "уәкілетті органға" деген сөздер "уәкілетті ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының тексерулері мен бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарының қорытындылары бойынша қорытынды құжаттар (актілер, инспекторлық нұсқамалар) жасалуы және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген ықпал ету шаралары қолданылуы" деген сөздер "Тексерулердің және бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарының қорытындысы бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері қорытынды құжаттар (актілер, инспекторлық нұсқамалар) жасауы және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген ықпал ету шараларын қолдануы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-1-баптың 1-тармағының екінші және үшінші бөліктеріндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-2-баптың 16) тармақшасындағы "қауіпсіздік шаралары жатады." деген сөздер "қауіпсіздік шаралары;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) азаматтық авиация саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жатады.";

6) 11-бапта:

1-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тексеруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиация инспекторы (бұдан әрі – авиация инспекторы) нұсқамалық материалды пайдалана отырып жүзеге асырады.";

3-тармақтағы "уәкілетті органның" деген сөздер "уәкілетті ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Мемлекеттік авиация инспекторлары" деген сөздер "Авиация инспекторлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "мемлекеттік авиация инспекторының объектілерге кіруіне және (немесе) тексеру жүргізу үшін қажетті", "мемлекеттік авиация инспекторы" деген сөздер тиісінше "авиация инспекторының тексеру жүргізу үшін қажетті объектілерге және (немесе)", "авиация инспекторы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

бірінші бөліктегі "мемлекеттік авиация инспекторы" деген сөздер "авиация инспекторы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 2) тармақшасындағы "уәкілетті органның" деген сөздер "уәкілетті ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 12-бапта:

тақырыптағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

1-тармақтағы "Мемлекеттік бақылау", "қызметі туралы", "мемлекеттік авиация инспекторлары", "мемлекеттік авиация инспекторы" деген сөздер тиісінше "Бақылау", "қызметі саласындағы", "авиация инспекторлары", "авиация инспекторы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Авиация инспекторлары беретін инспекторлық нұсқамаларға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

8) 12-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Азаматтық авиациядағы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттер шегінде Қазақстан

Республикасының әуе кеңістігін пайдаланумен және авиация қызметімен байланысты қоғамдық қатынастардың барлық субъектілерінің қызметіндегі негізгі басымдық және міндеттеме болып табылады.";

9) 13-бап мынадай мазмұндағы 60-2) және 60-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"60-2) осы Заңда айқындалатын тәртіппен субсидиялауға жататын басымдығы бар халықаралық авиамаршруттарды айқындайды;

60-3) басымдығы бар халықаралық авиамаршруттар үшін авиациялық отынды субсидиялау қағидаларын бекітеді;"

10) 14-баптың 1-тармағында:

2-1) тармақшадағы "өзірлейді және" деген сөздер алып тасталсын;

2-2) және 2-3) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, азаматтық әуе кемелерінің әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуын тоқтату жөнінде шаралар қолданады;

5-2) азаматтық және эксперименттік авиацияның әуе кеңістігін пайдалану қағидаларын бұзушылықтарын есепке алуды жүргізеді, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану қағидаларын бұзушылықтың барлық жағдайлары бойынша мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен өзара ақпарат алмасуды жүзеге асырады;"

15-2), 16), 17), 18), 19), 19-2), 27), 28), 30-1), 31), 32), 33), 34), 35), 36), 37), 38-1), 41-2) және 41-69) тармақшалар алып тасталсын;

11) 15-баптың 22) және 23) тармақшалары алып тасталсын;

12) 16-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың үшінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың үшінші бөлігіндегі "уәкілетті органмен" деген сөздер "уәкілетті ұйыммен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "уәкілетті орган", "уәкілетті органға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті ұйым", "уәкілетті ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 16-1-бапта:

1-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзацтағы "Мемлекеттік авиациялық инспекторлар" деген сөздер "Авиация инспекторлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "уәкілетті органға" деген сөздер "уәкілетті ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген сертификаттар (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктер) негізінде Қазақстан Республикасының шегінде немесе шегінен тыс жерде азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыру кезінде сертификаттау талаптарын үнемі сақтайтынын растайтын ақпаратты, құжаттарды береді және өздерінің қарамағындағы жерлер мен аймақтарда сертификаттау нысанасы болып табылатын ақпаратқа, құжаттарға, бұйымдарға, бөлшектер мен жабдыққа авиация инспекторларының қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.";

6-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 16-2-бапта:

1-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілетті органға", "уәкілетті орган" деген сөздер тиісінше "уәкілетті ұйымға", "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 16-3-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінің екінші, бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"авиация инспекторын азаматтық авиация пайдаланушысының және (немесе) ұйымдарының объектілеріне (әуе кемелерін, ғимараттарды, құрылысжайларды, ангарларды, отын қоймаларын, қызметтік үй-жайларды қоса алғанда және аумағына) кіргізуден бас тарту;"

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бекітуіне жататын құжаттамаға осындай ұйымның тиісті бекітуінсіз өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

екінші деңгейдегі бұзушылық кезінде азаматтық авиация пайдаланушысының немесе ұйымының түзету іс-қимылдарының жоспарын оған бағалау жүргізу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға белгіленген мерзімде ұсынбауы

немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым белгілеген немесе ұзартқан мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындамауы;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қадағалауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған кезде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым немесе авиация инспекторы азаматтық авиация пайдаланушысына немесе ұйымына анықталған бұзушылықты жою үшін түзету іс-қимылдарын қолдану талабымен нұсқама жібереді.

Қажет болған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым әуе кемесі тіркелген шет мемлекеттің құзыретті органына хабар береді.";

5, 6, 7 және 8-тармақтардағы "уәкілетті орган", "уәкілетті органға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті ұйым", "уәкілетті ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 16-4-бапта:

1-тармақтағы "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "жататын" деген сөздер тиісінше "уәкілетті ұйым", "уәкілетті ұйымның", "жатқызылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "мемлекеттік авиация инспекторлары" деген сөздер "авиация инспекторлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 16-5-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "мемлекеттік авиация инспекторлары" деген сөздер "авиация инспекторлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "мемлекеттік авиация инспекторлары" деген сөздер "авиация инспекторлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың бірінші абзацындағы "уәкілетті органның" деген сөздер "уәкілетті ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "мемлекеттік авиация инспекторы" деген сөздер "авиация инспекторы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың 2) тармақшасындағы "уәкілетті органға" деген сөздер "уәкілетті ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың бірінші абзацындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтағы "мемлекеттік авиация инспекторы" деген сөздер "авиация инспекторы" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 16-6-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"16-6-бап. Авиация инспекторы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық және эксперименттік авиация саласында сертификаттауды, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшісі авиация инспекторы болып табылады.

Авиация инспекторлары әуе кемелерінің ұшуын орындау және қамтамасыз ету, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысына қызмет көрсету бөлігінде арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар, сондай-ақ қаржы-экономикалық және құқықтық қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асыратын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері қатарынан тағайындалады.

Авиация инспекторларының санын Қазақстан Республикасында коммерциялық авиация мен жалпы мақсаттағы авиацияның азаматтық әуе кемелері жүзеге асыратын авиациялық қызметтің көлеміне қарай азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым айқындайды.

Авиациялық қауіпсіздік саласындағы бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын авиация инспекторларын тағайындау ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізетін арнайы тексерудің оң нәтижелері алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Авиациялық қауіпсіздік саласындағы бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын авиация инспекторларына қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық қауіпсіздігі бағдарламасының талаптарына сәйкес белгіленеді.";

1-1-тармақ алып тасталсын;

1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, сертификаттауды, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде авиация инспекторының қызметіне жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың араласуына жол берілмейді.";

2-тармақтың бірінші абзацындағы "Мемлекеттік авиация инспекторларының" деген сөздер "Авиация инспекторларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы "мемлекеттік авиация инспекторлары" деген сөздер "авиация инспекторлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "мемлекеттік авиация инспекторының" деген сөздер "авиация инспекторының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Авиация инспекторлары инспекцияланатын азаматтық авиация ұйымдары персоналының жұмыс жағдайларымен және сыйақысымен салыстырылатын деңгейлерге сәйкес келетін ақшалай ризықпен қамтамасыз етіледі.";

6-тармақта:

бірінші абзацтағы "Мемлекеттік авиация инспекторлары" деген сөздер "Авиация инспекторлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін авиация инспекторларын кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін ұстап тұру қағидаларында белгіленген көлемде және деңгейде азаматтық авиация және пайдаланушылар ұйымдарында кәсіптік даярлықты (біліктілікті) ұстап тұруға тиіс.";

7-тармақтағы "біліктілік деңгейін ұстау кезінде мемлекеттік авиация инспекторларының" деген сөздер "біліктілікті ұстап тұру кезінде авиация инспекторларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 16-8-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес жасалған келісімнің негізінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым өз құзыреті шегінде мемлекеттің уәкілетті ұйымы ретінде ұшу қағидаларын сақтауды, радиомен хабарлау аппаратураларын пайдалануды және ұшуға жарамдылықты ұстап тұруды, сондай-ақ авиация персоналының талаптар мен нормаларды сақтауын қамтамасыз етуге бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі функциялар мен міндеттерді осы әуе кемесі экипажсыз пайдаланылатын шет мемлекеттің құзыретті биліктеріне беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы пайдаланушысының оны экипажсыз пайдалануы кезінде әуе кемесін тіркеген мемлекеттің өзіне берген функциялар мен міндеттерді қабылдауға құқылы.";

2 және 3-тармақтардағы "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздер тиісінше "уәкілетті ұйым", "уәкілетті ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) мынадай мазмұндағы 2-1-тараумен толықтырылсын:

"2-1-тарау. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым

16-9-бап. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның негізгі ережелері

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым өз құзыреті шегінде:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыруда жәрдем көрсетеді;

- 2) авиация инспекторларын ақшалай ризықпен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды ;
- 3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуде жәрдем көрсетеді;
- 4) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес нұсқамалық материалдарды, сондай-ақ ұшуға жарамдылық жөніндегі директиваларды әзірлейді;
- 5) әуе кеңістігін пайдалануды ұйымдастыру кезінде азаматтық-әскери үйлестіру жүйесін орнату және ұстап тұру үшін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізеді;
- 7) авиациялық оқу орталықтары мен азаматтық авиация ұйымдары әзірлеген авиация персоналын кәсіптік даярлау бағдарламаларын келіседі;
- 8) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 1-қосымшада көзделген авиация персоналына жататын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеңіл және аса жеңіл авиацияның авиация персоналына жататын адамға оның қажетті білімі мен дағдыларының бар екенін, сондай-ақ оның денсаулығының белгіленген талаптарға сай екенін растайтын, кәсіптік қызметті жүзеге асыру құқығына арналған авиация персоналының куәлігін береді, куәліктің қолданылу мерзімін ұзартады, мұндай куәлікті кері қайтарып алады, оның қолданылуын тоқтата тұрады, куәлікке біліктілік белгілері мен арнайы белгілерді енгізеді;
- 9) сертификаттауды және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификатын, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлікті, авиациялық оқу орталығының сертификатын, азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын, тип сертификатын, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығы сертификатын, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын, әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің жете тексеруді ұйымдастыруы жөніндегі сертификатты, әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын, авиациялық медициналық орталықтың сертификатын беруді жүзеге асырады;
- 10) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган не уәкілетті ұйым берген қолданыстағы сертификаттарға (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерге) өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, сертификаттарды (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерді) беруден бас тартады, иелері сертификаттау талаптарын сақтамаған кезде сертификаттарды (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерді) кері қайтарып алады, олардың қолданылуын тоқтата тұрады;

11) жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыға ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті беруді жүзеге асырады, сондай-ақ жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының ұшуды орындау құқығына арналған куәлігін таниды, өзгертеді, шектейді, қолданылуын тоқтата тұрады немесе кері қайтарып алады;

12) осы Заңда белгіленген жағдайларда әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тартады;

13) әуежайдың, Қазақстан Республикасының және Қазақстан Республикасының әуежайларына тұрақты ұшуды орындайтын шет мемлекеттердің азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларын келісуді жүзеге асырады;

14) мүдделі мемлекеттік органдар арасында авиациялық қауіпсіздік саласындағы қызметті үйлестіруді жүзеге асырады, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерін тергеп-тексеруде мемлекеттік органдарға жәрдемдеседі, оларды болғызбау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

15) әуе кемелерін пайдаланушылардың, әуеайлақтарды (әуежайларды) пайдаланушылардың, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілердің, авиациялық оқу орталықтарының, техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымдардың, жете тексеруді жүзеге асыратын авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің, авиациялық медициналық орталықтардың, авиациялық медициналық сарапшылардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады;

16) азаматтық авиация саласында әуе қозғалысына қызмет көрсетілуін, ұшудың радиотехникалық және метеорологиялық қамтамасыз етілуін бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ қызметті және көрсетілетін қызметтердің сапасын тексеруді жүзеге асырады;

17) авиациялық техника мен оған жерде қызмет көрсету құралдарының ұшуға және техникалық пайдалану талаптарына сәйкес келуін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

18) әуе кемесі, оның компоненттері, қосалқы бөлшектері мен қосымша аспаптары жай-күйінің пайдаланушыға берілген ұшуға жарамдылығы сертификатының талаптарына және ұшуға жарамдылығын айқындайтын пайдалану-техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес келуін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

19) авиация персоналына жатқызылатын адамдардың осы Заңға сәйкес белгіленген талаптар мен нормаларды сақтауын бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

20) авиация персоналының кәсіптік даярлығы және денсаулық жағдайы мәселелері бойынша белгіленген талаптар мен нормаларды азаматтық авиация ұйымдарының қамтамасыз етуін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

21) әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) объектілерінің, қону алаңдарының күтіп-ұсталуын және әуежай қызметінің құрамына кіретін әуеайлаққа және жерде

қызмет көрсету қызметтерінің (жұмыстарының) сапасын бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

22) азаматтық авиация саласында ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтарды есепке алуды жүргізеді;

23) азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы ұшудың іздестіру-құтқарумен және авариялық-құтқарумен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады;

24) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес келу мониторингін жүзеге асырады;

25) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасынан орын алған айырмашылықтар туралы Халықаралық азаматтық авиация ұйымын (ИКАО) уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етуге және оларды аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жариялауға жәрдем көрсетеді;

26) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды болғызбау немесе олардың салдарын азайту мақсатында ұсынымдар береді, сондай-ақ осындай ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізеді;

27) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, авиациялық оқиғаларды жинау, бағалау, өңдеу, сақтау және тіркеу тетігін қоса алғанда, авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесін әзірлейді, енгізеді, зерделейді және ұстап-тұрады;

28) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік және халықаралық деңгейлерде ұшу қауіпсіздігі туралы ақпарат алмасуға және авиациялық оқиғалар туралы ақпарат таратуға қатысады;

29) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігіне байланысты ақпаратты жинауды және талдауды, сондай-ақ осындай ақпаратты жасауды және азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізуді жүзеге асырады. Талдау ақпарат көздерін ашып көрсетуді талап етпейді;

30) авиациялық медициналық сарапшыларды тағайындайды;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

16-10-бап. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметін қаржыландыру

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бюджеті азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдар есебінен қалыптастырылады.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарына бюджеттің ашықтығын, оның ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында қаржылық есептілікті, сондай-ақ сомасы Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшерінен асып түсетін шығыстардың баптары туралы өзекті және егжей-тегжейлі ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыру арқылы қамтамасыз етуге міндетті.

16-11-бап. Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдар

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін жүйелі қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды іске асыру мақсатында азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдарды аударады.

2. Бөлу нормативін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес белгілейтін таза кірістің азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің билігінде қалған бөлігі осы аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші аударымдарының көзі болып табылады.

3. Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдарды аудару тәртібі мен олардың нормативін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

16-12-бап. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді мемлекеттік беруші

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші аэронавигациялық қызмет көрсетуді мемлекеттік беруші болып табылады.

2. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді мемлекеттік беруші қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

3. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді мемлекеттік беруші өз қызметінің негізгі мақсатын аэронавигациялық қызметтер көрсету және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге аударымдарды жүзеге асыру арқылы іске асырады.";

21) 21-баптың 3-тармағындағы "уәкілетті орган", "дәйектілігін, нақтылығын" деген сөздер тиісінше "уәкілетті ұйым", "анықтығын, дәлдігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 28-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Азаматтық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуын тоқтату жөнінде шаралар қолдану шарттары мен тәртібі осы Заңға және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларына сәйкес айқындалады.";

23) 31-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әуе кемелерінің елді мекендер үстінен ұшуының тұрақты схемаларын (маршруттарын) белгілеуді қоса алғанда, олардың үстінен ұшуды келісу тәртібі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларында айқындалады.";

4-тармақ алып тасталсын;

